

«Мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 19 қазандағы № А-9/389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № А-1/28 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 ақпанда № 3650 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 маусымдағы № А-5/225 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 03.06.2013 № А-5/225 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 19 қазандағы № А-9/389 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3411 болып тіркелген, «Арқа Ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде 2012 жылғы 12 маусымда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың екінші және бесінші азат жолдары алынып тасталсын; жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін мемлекеттік аттестаттау», « Байқаудан өткізушілерді және тұқым сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызметтердің регламенттері алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары **Қ.Қ.Айтмұхаметовке** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Қ.Қожамжаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК